



## Облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін белгілеу туралы

Жетісу облысы әкімдігінің 2023 жылғы 3 сәуірдегі № 89 қаулысы. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2023 жылы 4 сәуірде № 8-19 болып тіркелді

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 140-бабының 2-тармағына сәйкес Жетісу облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативі белгіленсін.

2. "Жетісу облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасы әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Жетісу облысы әкімдігінің интернет-ресурсында оның орналастырылуын;

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жетісу облысының әкімі*

*Б. Исабаев*

Жетісу облысы әкімдігінің 2023 жылғы  
3 сәуірдегі № 89 Қаулыға қосымша

## Облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативі

1. Облыстық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігін облыстық бюджетке аудару нормативі былайша айқындалады:

|   |   |
|---|---|
| Таза кіріс 3 000 000 теңгеге дейін                          | Таза кіріс сомасынан 5 пайыз  |
| Таза кіріс 3 000 001 теңгеден 50 000 000 теңгеге дейін      | 150 000 теңге + 3 000 000 теңге мөлшердегі таза кірістен асқан сомадан 10 пайыз         |
| Таза кіріс 50 000 001 теңгеден 250 000 000 теңгеге дейін    | 4 850 000 теңге + 50 000 000 теңге мөлшердегі таза кірістен асқан сомадан 15 пайыз      |
| Таза кіріс 250 000 001 теңгеден 500 000 000 теңгеге дейін   | 34 850 000 теңге + 250 000 000 теңге мөлшердегі таза кірістен асқан сомадан 25 пайыз    |
| Таза кіріс 500 000 001 теңгеден 1 000 000 000 теңгеге дейін | 97 350 000 теңге + 500 000 000 теңге мөлшердегі таза кірістен асқан сомадан 30 пайыз    |
| Таза кіріс 1 000 000 001 теңге және одан жоғары             | 247 350 000 теңге + 1 000 000 000 теңге мөлшердегі таза кірістен асқан сомадан 50 пайыз |

2. Денсаулық сақтау саласында қызметін жүзеге асыратын облыстық мемлекеттік кәсіпорындар үшін аудару нормативі 5 пайыз мөлшерінде белгіленеді.

3. Облыстық мемлекеттік кәсіпорындардың иелігінде қалған таза кірістің бөлігі мемлекеттік басқару органымен келісілген нақты жобалар бойынша кәсіпорынның дамуына жұмсалады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК